

МЕМЛЕКЕТТІҢ САЯСИ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСТАР САЯСАТЫ*

¹А. Сағиқызы, ²А.А. Ибраимова

АҢДАТПА

Қазақстанның саяси трансформациясы жағдайында жастар саясаты мәселесін көтеру құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамды қалыптастырудың үрдістерімен негізделіп отыр. Өйткені, бұл үрдістер жастардың саяси немқұрайлығы мен одан тысқары өмір сүру салтын реттемейінше іске асырылмайды. Қазақстандық жастардың саяси белсенділігі жүйесіз, оның үстіне олардың басым бөлігі саяси саладағы өзгерістерге немқұрайлы келеді. Оған қоса, қазіргі әлеуметтік желілерде кең таралған квазилиберализм құбылысы саяси жүйені тұрақсыздандырушы факторға айналып отыр. Осылардың барлығы мемлекет пен жастар арасындағы кері байланыстың орнап, дамуына кедергі келтіреді. Мұны реттеуші басты тетік, яғни мемлекеттік жастар саясатының стратегиялық маңыздылығы өте жоғары. Авторлар оның әлеуметтік-экономикалық бағдарлығынан бөлек идеологиялық концептілерін дамыту тұжырымдамасын алға шығарып отыр. Сонымен қатар, жастар ортасындағы идеологиялық жұмыстарды жүргізудегі әлеуметтік желілердің орны қаншалықты маңызды екені аталып өтіледі.

Түйін сөздер: жастар, жастар саясаты, саяси мәдениет, саяси белсенділік, құндылықтық бағдарлар, идеология, әлеуметтік желілер.

* Бұл мақала ҚР БҒМ ҒК қаржыландыру аясында әзірленді (Грант №BR10965263: «Қазақстандық қоғамның әлеуметтік жаңғыруы: идеялық-дүниетанымдық негіздемелер, концептуалды үлгілер, әлеуметтік-мәдени үрдістер, әлеуметтік-саяси технологиялар»).

^{1,2}Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Ибраимова А.А.
assem.kokusheva@mail.ru

Мақаланың сілтемесі:

А. Сағиқызы,
А.А. Ибраимова.
Мемлекеттің саяси трансформациясы жағдайындағы қазақстандық жастар саясаты // Адам әлемі. – 2022. – No. 2 (92). – Б. 93-101.

Молодежная политика Казахстана в условиях политической трансформации государства

Аннотация. В условиях политической трансформации Казахстана вопрос молодежной политики обосновывается тенденциями формирования правового государства и гражданского общества. Дело в том, что эти тенденции не возможны без регулирования политической пассивности и аполитичности молодежи. Необходимо отметить, что политическая активность казахстанской молодежи бессистемна, к тому же большая их часть безразлична к изменениям в политической сфере. Кроме того, широко распространенное в современных социальных сетях явление квазилиберализма становится дестабилизирующим фактором политической системы. Все это препятствует установлению и развитию обратной связи между государством и молодежью. В этой связи стратегическая значимость государственной молодежной политики как главного регулирующего механизма взаимоотношений государства и молодежи очень высока. Авторы выдвигают концепцию развития идеологических концеп-

тов, помимо ее социально-экономической направленности. Также отмечается, насколько важно место социальных сетей в проведении идеологической работы в молодежной среде.

Ключевые слова: молодежь, молодежная политика, политическая культура, политическая активность, ценностные ориентации, идеология, социальные сети.

Youth Policy of Kazakhstan in the Conditions of the State Political Transformation

Abstract. In the context of the political transformation of Kazakhstan, the issue of youth policy is justified by the trends in the formation of the rule of law and civil society. The fact is that these trends are not possible without regulating the political passivity and apolitical youth. It should be noted that the political activity of Kazakh youth is haphazard, besides, most of them are indifferent to changes in the political sphere. In addition, the phenomenon of quasi-liberalism, widespread in modern social networks, is becoming a destabilizing factor in the political system. All this hinders the establishment and development of feedback between the state and youth. In this regard, the strategic importance of the state youth policy as the main regulatory mechanism of the relationship between the state and youth is very high. The authors put forward the concept of the development of ideological concepts, in addition to its socio-economic orientation. It is also noted how important the place of social networks is in carrying out ideological work among young people.

Key words: Youth, Youth Policy, Political Culture, Political Activity, Value Orientations, Ideology, Social Networks

Kіріспе

Жастар кез-келген қоғамның құнды әлеуметтік категориясы болып табылады. Олардың құндылықтық бағдарлары мен ұстанымдары мемлекет пен қоғамның даму бағыты мен әлеуетін анықтайды. Олар сырттан келетін идеологиялық, әлеуметтік, психологиялық факторлардың әсерінен бір жағдайда қауіпті, деструктивті қаруға айналса, екінші жағдайда ел дамуының қозғаушы күші бола алады. Осы орайда жастарды зерттеудің қажеттілігі мемлекеттік жастар саясатының өзекті стратегиясы мен тактикасын қалыптастырумен байланысты болып отыр. Әдістемелік және ұйымдастырушылық тұрғыдан дұрыс құрылған жастар саясаты көптеген саяси институттар қызметінің тиімділігін жоғарылатып, жастар мен саяси жүйе арасындағы кері байланыстың орнауына септігін тигізеді.

Қазіргі таңда жастар мәселесі көптеген пәнаралық зерттеулердің объектісіне айналып отыр. Ғылыми қауымдастықтың ішінде ең жиі көтерілетін мәселелердің бірі – әлеуметтанулық әдістер арқылы жастардың діни, ұлттық және саяси бағдарларын зерттеу. Өйткені, соңғы онжылдықта жастардың ортасын-

да діни, ұлттық құндылықтар мен сол іспеттес көңіл-күйлер кеңінен таралып, олар бірітіндеп саяси бағдарларды қалыптастырушы факторға айналып келеді. Осындай жағдайдың аясында көптеген саяси күштер жастарды өздерінің мақсаттарын жүзеге асыруда тиімді құрал ретінде пайладаны. Осы іспетті, яғни саяси жүйе мен қоғамды тұрақсыздандыратын жайттарды болдырмас үшін жастар саясатын ғылыми және әдістемелік тұрғыдан зерделеудің қажеттілігі туындап отыр. Ол ең алдымен елімізде орын алған екі түрлі жағдаймен байланысты.

Біріншіден, осы жылдың қаңтар-лық оқиғалары жастардың ішінде қаншалықты әлі де толықтай зерделеніп, әлсіз және мықты тұстары анықталмаған топтары бар екенін көрсетті. Олардың арасында азаматтық борышын қорғағандар, деструктивті саяси күштердің етегінде кеткендер, тек көрермендік белсенділік танытқандар немесе ұрлап-тонау мақсатында шыққандар да болды. Бұл өз кезегінде осы категориялардың әрқайсысымен жүйелі, объективті қағидалар мен ғылыми әдістемелерге негізделген жұмыс жүргізу керектігін дәлелдеді.

Екіншіден, елімізде саяси жүйенің трансформациясымен байланысты

конституциялық және саяси реформалар бастау алып, қарқынды дамып келеді. Бұл реформалардың көздеген міндеттерінің бірі азаматтық қоғамды қалыптастыру, яғни халықтың партиципаторлық саяси мәдениетін орнықтыру болып табылады. Өзге әлеуметтік топтармен салыстырғанда жастар қоғамда болып жатқан үрдістерге тез кірісіп, етене араласып кетеді. Мәселе олардың аталмыш саяси өзгерістерді қабылдауында немесе оларды теріске шығарып, елемейтін болып отыр. Осы орайда, тарихи талдау арқылы өзге елдердің саяси трансформациясы жағдайындағы жастардың ұстанымдары мен әрекеттерін, сонымен қатар жастар саясатының соған байланысты бейімделіп, қызмет етуін зерттеу өзекті болып отыр.

Аталмыш зерттеу мақсатын іске асыру үшін келесі екі зерттеу сұрағына жауап беру керек:

Посткеңестік елдердің саяси трансформациясы жағдайында жастар ортасындағы үрдістер қандай болды және соған қатысты жастар саясаты қалай дамыды?

Жастар саясатын дамытудағы әлеуметтік желілердің рөлі қандай?

Осы екі сұрақтың айналасында өрбитін зерттеудің нәтижесінде жастар саясатының, оның елімізде және посткеңестік деңгейде қалыптасып, дамуына тарихи талдау жасалынып, және қазіргі замандағы үлгілері салыстырылатын болады. Кемшіліктері мен артықшылықтары, сонымен қатар мүмкіндіктері мен жалпы әлеуеті қарастырылатын болады.

Әдістеме

Зерттеу мақсатын жүзеге асыруда тарихи және компаративистік әдістер қолданылады, сонымен қатар «жастар саясаты» түсінігін қарастыруда құрылымдық-функционалдық әдіс пайдаланылады. Тарихи және компаративистік әдістердің көмегімен

КСРО құлдырағаннан кейін посткеңестік елдердегі саяси трансформацияның үрдістері талқыланып, соған орай әр елдегі жастар саясаты идеологиялық және институционалдық тұрғыдан қалай дамығаны анықталады. Сонымен қатар жастар саясатының демократиялық қоғамдарда, яғни Батыс Еуропа немесе АҚШ елдерінде қалай бастау алып, қай бағытта қызмет етіп келгендігі қарастырылатын болады.

Құрылымдық-функционалдық талдау өз кезегінде Қазақстандағы қазіргі жастар саясатының негізгі қағидаларын анықтап, ондағы жастардың идеологиялық және азаматтық тұрғыдан қалыптасуына, әлеуметтік және экономикалық белсенділігін қалыптастыратын немесе реттейтін тетіктердің бар-жоғын көрсетеді.

Негізгі бөлім

Кеңес Одағы жас ұрпақтың саяси және еңбектік тұрғыдан өсіп жетілуі бойынша егжей-тегжейіне дейін ойластырылған, жоспарлы және тиімді әдістерімен көрініс тапқан мемлекеттік жастар саясатымен танымал болатын. Азаматтарды әлеуметтендірудің қағидаларын ендіру, патриоттарды теңқұқықтық, ұлтаралық теңдік, бірдей мүмкіндіктер мен толеранттылық арқылы тәрбиелеп шығару «октябрат», «пионер», «комсомол» сияқты ірі және дамыған қоғамдық бастамалар арқылы іске асырылды [1]. Ал Кеңес Одағы ыдыраған соң оған тиесілі саяси режим мен жүйе құлдырап, идеология түбегейлі ауысты, сәйкесінше мұндай қоғамдық ұйымдар өз күшін жоя бастады. Өйткені, әрбір мемлекет егемендігін алған соң ұлттық, діни және ділдік тұрғыдан қайта жаңғыра бастады, сәйкесінше, ұлттық және мәдени ерекшеліктерге басымдық беріле бастады. Жастар ортасында да осы іспетті үрдістер белең алып, бұрындары саяси күші бар интернационализмнің орнын «ұлт», «тіл» және «ұлт тарихы» сияқты

ұғымдар алмастыра бастады. Яғни, посткеңестік мемлекеттердегі алғашқы саяси трансформациялар саяси ортада демократияландыру үрдістерімен жолдамаланса, жалпы қоғамдық деңгейде ұлттық тұрғыдан қайта жаңғыру үдерістеріне бағдарланды.

Бұл елдердегі саяси трансформацияның алғашқы үрдістері мемлекеттік және ұлттық құрылыс мәселелеріне бағытталды. Мәселен, жаңа тәуелсіз мемлекеттерде жеке ұлттық идеологияны құру мәселесі ел алдындағы өзекті міндеттердің бірі болып саналды. Идеологияның ұжымдастырушылық күші қаншалықты мықты болатынын түсінген мемлекет көшбасшылары оған стратегиялық мән бере бастады. Мүмкін олардың КСРО кезеңіндегі саяси атмосферада өсіп, тәрбие алғандары да әсер еткен шығар. Соның негізінде олар идеология мен үгіт-насихатты саяси мобилизациялаудың құралдары ретінде пайдалануды үйренді. Аталмыш жағдайда олардың бұл тәжірибесі мемлекеттік және ұлттық құрылыс үрдістерінде жақсы қолданылды. Өйткені, кейбір елдерде кеңестік идеологиялық-үгіт насихаттық мектепті жаңа жағдайларға бейімдеп, қайта тірілкендей болды. Осы елдерде сыртқы және ішкі саясатты негіздейтін консервативті-ұлттық, империялық және батыстық либералды ағымдар сияқты біршама идеологиялық конструкциялар сәтті қолданылған болатын [2].

Жалпы, посткеңестік мемлекеттердегі саяси трансформациялардың жүргізілу реті мен логикасы ұқсас болды, соның нәтижесінде жастар саясатының да қағидалары мен даму жолдары бір типтес болып келеді. Мәселен, Белоруссиядағы жастар саясаты 1992 жылдан бері бастау алып, елде «Беларусь Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатының жалпы бастаулары туралы» заң қабылданған болатын. Осы заң бойынша 2007 жылға дейін жастардың жоғарғы шектік жасы 25

жасты құраса, кейін оған өзгерістер енгізіліп, нәтижесінде ол 31 жасқа дейін ұлғайды. 2009 жылдың желтоқсанында қабылданған жаңа заңға сәйкес Беларусь елінде тұрақты тұрып келе жатқан 14-31 жас аралығындағы шетел азаматтары да «жастар» категориясының құрамына кіретін болды. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Беларусияның жастары жалпы халық санының 25% құрайды, олардың 80 % қалалық мекендерде өмір сүреді, солардың ішіндегі 40% елдің астанасында шоғырланған [1, 616].

Қырғызстанда 2009 жылдан бері «Мемлекеттік жастар саясатының негіздері туралы» атты жаңартылған заң қызмет етіп келеді, оған сәйкес жастар деп 14-28 жас аралығындағы азаматтар танылады. Қырғыз жастары қазіргі таңда халық санының 35% құрап отыр [3].

Өзбекстандағы да жастар саясаты 1991 жылдан бастау алып, ол «Өзбекстан Республикасындағы жастар саясатының негіздері туралы» атты заңмен бекітілген болатын. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, қазіргі таңда 30 жасқа дейінгі өзбек азаматтары жалпы халық санының 60% құрап отыр [4].

Айта кету керек, осы елдердің жастар саясаты институционалдық тұрғыдан бірдей қалыптасып, ортақ қағидалар негізінде жұмыс істеп келеді. Мәселен, әр мемлекет осы заңдардың негізінде жастар арасында азаматтық, құқықтық және саяси мәдениетті қалыптастыруды мақсат ретінде көздеп отыр. Дегенмен де, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы, білім беру жүйесі нашар және жемқорлық мәселесі түбегейлі шешілмеген жағдайда жастардың арасында мұндай үрдістерді қалыптастыру мүмкін емес. Мысалға, Қырғызстанда саяси реформалар, әсіресе, президент және парламент депутаттарын сайлау әдетте ірі көтерілістермен жолдамаланады, ал олардың басты қатысушылары болып табылатын қырғыз жастары конвенционалды емес саяси әрекеттерімен

танылып отыр. Өзбекстанда кез-келген саяси реформалар вертикалды түрде, яғни қандай да болсын бастама жоғарыдан төменге қарай дамиды. Басқаша сөзбен айтқанда, халық, әсіресе жастар арасында қарқынды үгіттеледі. Мұндай жағдайда жастардың ортасында азаматтық және саяси белсенділіктің сапалы дамуы екіталай. Осындай үрдістерді ескере отырып, сол елдердегі жастар саясатының басты нысаны – ең алдымен саяси, құқықтық және азаматтық мәдениетті қалыптастыру емес, ал жас азаматтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы, мәселелері және оларды шешу жолдары болып отыр.

Идеологиялық тұрғыдан бұл елдердегі жастар саясаты бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленбейді. Жастар саясатының үгіт-насихаттайтын ең басты идеологиялық тақырыптарының бірі – патриотизм. Сол ұғымның аясында қоғам консолидациясы, толеранттылық және әлеуметтік жауапкершілік түсініктері де қарастырылады.

Жастар саясатының қазақстандық үлгісіне келетін болсақ, онда оның нормативтік құқықтық базасы жоғарыда аталған посткеңестік елдермен ортақ екенін атап өту керек. Сәйкесінше, оны жүзеге асырудың тетіктері де ұқсас деген тұжырымға келуге болады. Негізі Қазақстанда жастар саясаты екі түрлі құжаттың аясында жүзеге асырылады. Олар – 2015 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасындағы жастар саясаты туралы» заңы және «Қазақстан 2020: болашаққа апарар жол» атты мемлекеттік жастар саясатының концепциясы. 2015 жылға дейін болған жастар саясатының нормативтік базасы қазақстандық жастардың әлеуметтік-экономикалық бейімделуінің тетіктерін реттеуге бағдарланған болатын. 2004 жылы қабылданған мемлекеттік жастар саясаты туралы заңында әдетте жас кәсіпкерлерді қолдау, жастар мен жас отбасыларды баспанамен қамтамасыз ету, ауыл жастарының дамуы үшін

жағдай жасау, жалпы жұмыспен қамту сияқты міндеттер қойылған болатын. Бұл заңды жүзеге асыруда жастардың рухани, мәдени, білім беру және кәсіби тұрғыдан қалыптасу үшін әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және ұйымдастырушылық шарттары мен кепілдерін іске асырудың тетіктері іске қосылған.

Аталмыш заңның ең алдымен жастар ортасындағы әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге басымдық бергендігі қазіргі таңда өз жемісін беріп отыр. Мәселен, жастарды баспанамен қамтамасыз етуде мемлекет тарапынан көптеген іс-шаралар атқарылып келеді. Олардың ішінде кең таралғандары – «7-20-25» және «Алматы жастары» бағдарламалары. Алматы қаласында ел жастарының басым бөлігі шоғырланғандықтан, «Алматы жастары» бағдарламасының стратегиялық маңыздылығы бар. Білім беру және жұмыспен қамтуда «Серпін» бағдарламасының қосар үлесі зор. Ол сонымен қатар елдің солтүстік аймақтарында қазақтандыру саясатын іске асырып келетін кең ауқымды идеологиялық және демографиялық маңызы бар бастама болып табылды. Жастар ортасындағы кәсіпкерлікті қолдайтын «ДАМУ» мемлекеттік мекемесі, «Сәби» азамат-ық қоғамдастығы мен «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы жастарға ауылшаруашылықпен айналысып қана қоймай, сонымен қатар отандық өндірісті дамытуға мүмкіндік беріп отыр. Республиканың әр өңірінде Жастар ресурстық орталығы қызмет атқарып, олар жұмыспен қамту, біліктілікті жоғарылату, материалдық көмек және психологиялық кеңес беру сияқты әртарапты қызмет түрлерін көрсетеді. Ол өз кезегінде 2015 жылғы заңға енгізілген Жастардың аймақтық форумы жастар саясатын іске асырудың тиімді құралы екенін дәлелдей түсті. Осылардың барлығы жастар үшін әлеуметтік лифт қызметін атқарып, қоғамдағы наразылық көңіл-күйлерді мен патерналистік мүдделердің

қарқындылығын төмендетіп отыр.

Дегенмен, посткеңестік деңгейде әртүрлі ұлт пен діндегі жастарды біріктіретін және олардың әлеуметтік-азаматтық жауапкершіліктерін қалыптастыратын бірде бір ортақ саяси идея қалыптасып, іске асырылмады. Ал Қазақстан халықтары Ассамблеясының қарамағында қызмет етіп келетін Жастар кеңесі жалпы қоғамдағы ұлттық, мәдени және әлеуметтік тұрғыдан өзекті мәселелерді жастар ортасында көтеріп, насихаттайтын ұйым болғанымен, оларды бір идея төңірегіне ұжымдастыра алатын саяси институт болып табылмайды. Яғни, жастар саясатында әр түрлі ұлт пен діндегі жастарды ұжымдастыратын, оларды қоғамға ортақтастыратын идеологиялық және саяси тетіктер қарастырылмаған. Ұжымдасудың әлеуметтік-экономикалық шарттары барлық жастар үшін бірдей болғанымен, олардың әрбір ұлттық және діни ортада әртүрліше түсініліп, әрқалай іске асырылатынын айта өту керек.

Сонымен қатар, жастар саясатының реттелуі тиіс маңызды тұстарының бірі – ол әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан тұрақталмаған «маргиналдар» тобымен жұмыс жүргізу. Көп жағдайда маргиналдылық деп саяси, экономикалық, мәдени, діни және отбасы институттары сияқты әлеуметтік институттардан шеттетілетін жағдайды сипаттайтын теріс әлеуметтік құбылысты қарастырады. Қалыпты әлеуметтік ортадан шеттетілген және өзге қоғамдастықтарға ортақтаспаған адамдар қатты психологиялық күйзеліс жағдайында болады.

Американдық әлеуметтанушы Р.Парктың тұжырымдауынша, маргиналды адам дегеніміз түрлі топтардың етегінен ұстаған, осы топтардың арасындағы жанжалдық жағдайды бойына жинап, көрсететін адам болып табылады [5]. Мұндай сипаттамалар әдетте ауылды жерлерден ірі мегаполистерге көшіп келген жастар

ортасынан жиі байқалады. Мәселен, шынайы өмірде діни және ұлттық құндылықтар өзара тығыз байланысты, және оларды бір-бірінен ажырату мүмкін емес. Сәйкесінше, ұлттық сана-сезімнің жаңғыруы конфессиналды сана-сезімнің өсіп, дамуына әкеліп соқтырады. Ол өз кезегінде адамдардың діни практикаларға деген қызығушылығын оятады. Көптеген жастар өздерінің ұлттық және діни бірегейліктерінің өзара үйлеспей, қарама-қайшы жағдайда екенін аңғартып жатады. Ол сонымен қатар әлеуметтік және экономикалық теңсіздік және әділетсіздік мәселелерімен ушыға түседі. Осылардың барлығы жастардың ортасындағы деструктивті қозғалыстар мен әрекеттердің ықтималдылығын жоғарылата түседі. Сондықтан да мұндай категориядағы жастар мемлекеттік мекемелердің қатал бақылауында болуы керек. Бірақ, жастар саясатында осы типтес жастармен жұмыс істеудің нақты тетіктері көрсетілмеген және әлеуметтік-экономикалық бастамаларға басымдық беріліп, ал идеологиялық-ағартушылық шаралар ішінара ғана қозғалады.

Мұндай топтағы жастардың әрекеттері мен құндылықтық бағыт-бағдарын бақылап, қадағалауда әлеуметтік желілердің рөлі ерекше. Өйткені, қазіргі таңда жастардың басым бөлігі өздерінің негізгі уақытын интернет кеңістігінде өткізіп, өмірлерінде болып жатқан кезкелген өзгерістерді әлеуметтік желілерде жариялап отырады.

Егер әлеуметтік желілерді А. Маслоудың адам қажеттіліктерінің теориясы (1 – физиологиялық қажеттіліктер, 2 – қауіпсіздікке қатысты қажеттіліктер, 3 – белгілі бір әлеуметтік топқа ортақтасудың қажеттілігі, 4 – құрмет пен сыйластыққа деген қажеттіліктер, 5 – өзін-өзі көрсетіп, танытуға қатысты қажеттіліктер) аясында қарастыратын болсақ, онда олар адамның әлеуметтік топтарға ортақтасудың қажеттілігін қамтамасыз етеді [6]. Адамдардың басым бөлігі үшін

дәл осы қажеттілік жоғарғы шек болып табылады, ал әлеуметтік желілер оны қамтамасыз етудің ең оңай әдісі болып келеді. Әлеуметтік желілер адамдардың кез-келген бірегейлігін анықтаудың ең ұтымды құралы десек те болады.

Қазіргі таңда жастардың басым бөлігі бұқаралық мәдениеттің көзі болып табылатын теледидардан бас тарта отырып, интернет кеңістігіндегі ақпаратқа толықтай сенім артады. Дегенмен де, қазіргі жастар ортасындағы девианттық әрекеттер интернеттегі қауіп-қатерлерді бағаламай, толықтай түсіне алмаудың кесірінен орын алып отыр. Осы орайда, жалпы қоғамда, әсіресе, жастар ортасында квазилиберализм құбылысы белең алып келеді. Яғни, жастар үшін ақпараттың ең негізгі және сенімді көзі интернет пен әлеуметтік желілер болып табылады. Оның үстіне жастардың жас ерекшеліктері, наразылыққа бейім келуі, дүниетанымның полярлығы мен кез-келген әділетсіздікке сабырсыздық танытуы да қосыла береді. Жастар ортасындағы осы іспетті радикалды ұстанымды либералды қауымдастықтың сипаттамаларын келтіріп өтейік:

- Президент, премьер-министр, министрлер кабинеті, аймақ басшылары бастап отырған атқарушы биліктің қызметін жоққа шығарып, қабылдамау. Шенеуніктерді қабілетсіз деп бағалап, жемқорлық пен заңсыздықтарда кінәлау;

- Заң шығарушы және сот биліктерін сынау, оларды атқарушы билікке тәуелді деп кінәлау, аталмыш институттарды жемқорлыққа қатысты деп айыптау;

- Ішкі саяси және экономикалық жағдайды сынау, мемлекеттік бюджет дұрыс реттелмейді деп айыптау, реформалар мен өзгерістердің сапалығына күдіктену, жергілікті мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін жоққа шығару [7].

Осындай ұстанымдар мен саяси бағдарлар өз кезегінде қоғамдағы ради-

калды национализм мен діни исламдық радикализммен ұштасып келеді. Мұндай үрдістердің симбиозы әдетте саяси жүйені тұрақсыздандыратын жағдайларға әкеліп соқтырады. Мәселен, жастар арасында түрлі челленджер көбейіп, жақсы құндылықтармен қатар теріс ұстанымдар да үгіттеліп жатады. Осындай челленджердің құрамынан отбасыға, қоғамға және мемлекетке деген түрлі наразылық көңіл-күйлер де көрініс тауып жатады.

Соныменен, әлеуметтік желілер жастар ортасында білім мен біліктілікті арттыру, әлеуметтік жауапкершілік пен экономикалық әл-ауқаттылықты жоғарылатудың тиімді құралы болғанымен, көптеген провокаторлар мен экстремистік топтардың қолдарында бұқаралық сананы улаудың бірден бір әдісі болып табылады. Сондықтан да, жастардың виртуалды өмір салты мен интернет белсенділігі жастар саясатының негізгі нысандарының біріне айналуы керек. Мәселен, жастар саясаты туралы заңға виртуалды мәдениет пен әлеуметтік желілердегі жауапкершілік туралы дефинициялар енгізіліп, соларды реттеудегі өкілетті органның құзыры мен қызметі анықталып жазылуы тиіс.

Жалпы, әлеуметтік желілерде жастардың азаматтық, саяси белсенділігін бақылап, талдау жасау және соның негізінде реттеу шараларын жүргізу мемлекеттік жастар саясатын жаңа деңгейге шығаратын бастама бола алады. Ол өз кезегінде жастар саясатының идеологиялық қырын дамытып, оның институционалдық және заңдық күшін жоғарылатады.

Қорытынды

Қазақстандағы саяси жүйе трансформациясы саяси институттардың құрылымы мен қызметтерін өзгертіп қана қоймай, азаматтық секторда да біршама өзгерістердің орын алуына себепкер болып отыр. Осы орайда

жастардың қазіргі саяси мәдениетінің көрсеткіштері болып табылатын ұлттық, конфессионалды және әлеуметтік-экономикалық үрдістер конструктивті және деструктивті бағытта дамып келеді. Мәселен, жастар арасында квазилиберализм құбылысы кең таралып, ол саяси жүйені тұрақсыздандырушы факторлардың біріне айналып отыр. Осы жағдайларды ескере отырып, мемлекеттік жастар саясатын қайта қарастыру, оның құрамын әлеуметтік-экономикалық қағидалардан бөлек, идеологиялық тұрғыдан нығайтып, күшейту академиялық және сарапшылар қоғамдастықтарының алдындағы үлкен міндет болып табылады. Оның үстіне, интернет технологияларының қарқынды дамуының нәтижесінде жастардың ортасында виртуалды мәдениет пен бірегейлік мәселелері мемлекеттік жастар саясатын іске асырушы құзырлы органдардың қызметін күрделендіретін, сонымен қатар кеңейтіп, дамытатын тетіктердің бірі болып табылады.

Қазіргі таңда жастарды қоғамға ортақтандырушы кеңестік идеологиялық конструкцияларды («октябрыя», «пионер», «комсомол») қайта жаңғырту мүмкін емес, бірақ олардың орнын әлеуметтік желілер басып отыр. Өйткені, әлеуметтік желілер арқылы жастар мен мемлекет арасындағы кері байланысты қалыптастырып, институционалдық сенім деңгейін жоғарылатып, азаматтық құндылықтарды үгіттеп, саяси мәдениетті дамытуға болады. Ол өз кезегінде мемлекеттік жастар саясатын концептуалды тұрғыдан қайта қарастырып, оның әлеуметтік-экономикалық бағдарлығы мен идеологиялық басымдықтарын алмастыра отырып, немесе жүйелі түрде іске асыру керектігін білдіреді.

Әдебиеттер тізімі

1 Цюник Д.А. Молодежь и молодежная политика в постсоветских государствах. Про-

блемы постсоветского пространства. 2017; 4(1): с. 54-67.

2 Сафаева С. Постсоветская интеграция в контексте политической трансформации новых независимых государств. Центральная Азия и Кавказ. – 2007. - №5(53). – с.146-157.

3 Ысманова Р.З. Молодежь и государственная политика на сегодняшний день. Известия ВУЗов Кыргызстана. 2014;10:127-129.

4 Режабов Б.З., Комилов М.С., Ражабов Р.Р., Бобоев А.В. Опыт Узбекистана в сфере реализации молодежной политики. Наука и Мир. 2016; 5(33);28-30.

5 Park, R. E. (1928) Human migration and the marginal man. American Journal of Sociology, vol. 33, no. 6, pp. 881–893.

6 Маслоу А. Мотивация и личность/Перевод А.Татлыбаевой. – Спб.:Евразия,1999. – 351 с.

7 Горбунов Е.В. Механизмы противодействия влиянию контента сети интернет и социальных сетей на формирование радикальных политических и экстремистских взглядов в молодежной среде.- Екатеринбург, 2019. – с. 26.

Transliteration

1 Cyunik D.A. Molodezh' i molodezhnaya politika v postsovetskikh gosudarstvakh. Problemy postsovetskogo prostranstva. 2017;4(1):s. 54-67 (in Russ).

2 Safaeva S. Postsovetskaya integraciya v kontekste politicheskoy transformacii novyx nezaivisimyh gosudarstv. Central'naya Aziya i Kavkaz. – 2007. - №5(53). – s.146-157 (in Russ).

3 Ysmanova R.Z. Molodezh' i gosudarstvennaya politika na segodnyashnij den'. Izvestiya VUZov Kyrgyzstana. 2014;10:127-129 (in Russ).

4 Rezhaboev B.Z., Komilov M.S., Razhabov R.R., Boboev A.V. Opyt Uzbekistana v sfere realizacii molodezhnoj politiki. Nauka i Mir. 2016; 5(33);28-30. (in Russ).

5 Park, R. E. (1928) Human migration and the marginal man. American Journal of Sociology, vol. 33, no. 6, pp. 881–893.

6 Maslou A. Motivaciya i lichnost'/Perevod A.Tatlybaevoy.-Spb.:Evraziya,1999. – 351s (in Russ).

7 Gorbunov E.V. Mekhanizmy protivodejstviya vliyaniyu kontenta seti internet i social'nyh setej na formirovanie radikal'nyh politicheskikh i ekstremistskikh vzglyadov v molodezhnoj srede.- Ekaterinburg, 2019. – s.26. (in Russ).

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

<i>Аяжан Сағикызы</i>	Профессор, доктор философских наук, главный научный сотрудник, Институт философии, политологии и религиоведения, Алматы, Казахстан
<i>Асем Аязбаевна Ибраимова</i>	Магистр социальных наук научный сотрудник, Институт философии, политологии и религиоведения, Алматы, Казахстан
<i>Аяжан Сағиқызы</i>	Профессор, философия ғылымдарының докторы, бас ғылыми қызметкер, Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан
<i>Асем Аязбаевна Ибраимова</i>	Әлеуметтік ғылымдар магистрі, ғылыми қызметкер, Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан
<i>Ayazhan Sagikyzy</i>	Professor, Doctor of Philosophical Sciences, Chief Researcher, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies, Almaty, Kazakhstan
<i>Assem Ibraimova</i>	Master of Social Sciences, Researcher, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies, Almaty, Kazakhstan